



Бекітемін:  
Мектеп директоры  
Бердешова С.К

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Нұра ЖББМ шағын-орталығы

Топ: «Балбөбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2024 оқу жылы қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Денешынықтыру	<ul style="list-style-type: none"><li>-Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.</li><li>-Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және кимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</li><li>-Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</li><li>-Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету: сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</li></ul>
	Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"><li>-Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</li><li>-Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалшы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.</li><li>-Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</li><li>-Мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен</li></ul>

	бөлісуге үйрету.
<b>Көркем әдебиет</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Кітаптарға қызығушылықты ояту.</li> <li>-Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдап білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға;</li> <li>-Шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.</li> <li>- Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</li> </ul>
<b>Қазактілі</b>	Педагог жоспары бойынша
<b>Математика негіздері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.</li> <li>-Өлшемдері карама-карсы және бірдей заттарды салыстыру;</li> <li>-Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру.</li> <li>-Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа,бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.</li> </ul>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру;</li> <li>-Зерттеу дағдыларын қалыптастыру;</li> <li>-Заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.</li> <li>-Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу; балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</li> </ul>
<b>Құрастыру</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Құрастырылатын құрылысты қарапайым сөзбалаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге;</li> <li>-Кіріпінтерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру;</li> <li>-Өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.</li> <li>-Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.</li> </ul>



	<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>-Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету;</p> <p>-Тұтақ қағаз парағына бейнені орналастыру. қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызыл, көгілдір, сұр) қолдану.</p> <p>-Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолданулы;</p> <p>- Жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.</p>
	<p><b>Мүсіндеу</b></p>	<p>-Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).</p> <p>-Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>-Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру.</p> <p>-Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу</p>
	<p><b>Жапсыру</b></p>	<p>-Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру.</p> <p>-Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.</p> <p>-Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.</p> <p>-Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, ұмаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану.</p>
	<p><b>Музыка</b></p>	<p>-Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру;</p> <p>-Әннің мазмұнын түсіну.</p> <p>-Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).</p> <p>-Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.</p>